

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 21 – 27

A.Zh. Zharbolova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
zharbolova.aygerim@mail.ru

**THE SPECIFICITY OF THE SECOND PERIOD
FOR THE DEVELOPMENT OF LOCAL
REPRESENTATIVE POWER IN KAZAKHSTAN**

Abstract. This article discusses the second period in the development of local representative power in Kazakhstan. Accordingly, in the given article the analysis of the constitutional-legal acts adopted during the period 1992-1995, including the first Constitution of the Republic of Kazakhstan, regulating status, organization and activities of local representative bodies. The article also identifies the newness of these legal acts, their role in the development of local representative bodies and place in the legal system.

Keywords: local representative authorities, local representative bodies, local representative bodies-the Council, local authority, local Executive authority, the Governor, local councils of people's deputies, the Deputy, the session

...

А.Ж. Жарболова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, Алматы қаласы

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ БИЛІКТІН
ДАМУЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ, ОНЫҢ ӨЗГЕШЕЛІГІ**

Аннотация. Тиісті мақала Қазақстанда жергілікті өкілді биліктің дамуының екінші кезеңін карастируға арналған. Тиісінше мақалада Қазақстан Республикасының Тұнғыш Конституциясын коса 1992-1995 жылдар аралығында қабылданған, жергілікті өкілді органдардың мәртебесін, ұйымдастырылуы мен қызметтің реттеген бірқатар конституциялық-құқықтық заңнаманың мазмұны ашылып, олардың жаңалыктары, жергілікті өкілді биліктің дамуына қосқан үлесі сараланды, құқықтық жүйедегі орны анықталды.

Тірек сөздер: жергілікті өкілді билік, жергілікті өкілді орган, мәслихат-депутаттар жиналышы, жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті атқарушы орган, әкім, халық депутаттарының жергілікті советтері, депутат, сессия ...

1991 жылдың желтоқсан айы Қазақстан дамуында тарихи маңызға ие жаңалықтарға толы ай болды. 10 желтоқсанда Қазақ Қенестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертіліп, 16 желтоқсанда ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсап келген мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізілді - Республикамыздың тәуелсіздігін бүкіл әлемге паш еткен, елімізді тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыру мақсатында туындаған терен мазмұнды, маңызды құжат «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданды. Бұл тарихи маңызды оқиғалар республикамыздың мемлекеттік құрылышын жаңғыртуға, қоғам салаларын дамытуға бағытталған салалық құқықтық реформалардың басталуына себепші, негіз болды. Қазақ КСР-н атауы өзгертіліп, мемлекеттік тәуелсіздік туралы заңның қабылданылуымен Қазақстанда қоғамның негізгі салаларында түбебейті өзгерістер орын алды. Олардың бірі – жергілікті өкілді биліктің ұйымдастырылуы мен қызметтіне қатысты болды.

Біз ҚР ҰҒА Хабарларында (№6, 2016ж.) жарық көрген «Қазақстанда қенестік заманда жергілікті өкілді биліктің мәртебесінің бекітілуі және даму өзгешелігі» атты мақаламызыда Қазақстанда жергілікті өкілді биліктің дамуын жинақтап үш сатыға бөліп, тиісінше Қенестік Конституцияларға

сәйкес жергілікті биліктің жоғарғы органы болып табылған Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті советтерінің қызмет ету кезеңін қарастырған болатынбыз. Енді тиісті мақалада Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың дамуының екінші кезеңіне тоқталмақшымыз. Екінші кезеңін алғашқы тұсында – 1992 жылы бір күнде – 13 қантарда қатарынан екі заң қабылданған еді. Олар: ««Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кенестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң мен ««Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі Заңының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» заң. Бұлзандардың қабылдануы қоғамның объективтік негіздерінен туындаған еліміздің мемлекеттік және саяси құрылымындағы өзгерістермен себептеді деп айтуда болады. Жоғарыда атап кеткеніміздей ««КР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңының және ««Қазақ СР мемлекеттік елемендігі туралы» Декларацияның қабылдануымен мемлекеттік жүйе мен қоғамдың жүйенің жаңа бағытта дамуының негізі қаланды. Демек, тиісті актілердің негізінде Қазақстанда жергілікті басқарудың өкілді органдарының дамуының жаңа кезеңі басталды.

Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың дамуының екінші кезеңінің алғашқы тұсында (1992 ж.) қабылданған атальмыш актілердің Қазақстанда жергілікті өкілді биліктің мәртебесінің нақтыланып, дамуна қосқан үлесі зор болды. Олардың әрқайсысына тоқтальып саралайтын болсақ, ««Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті кенестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңмен жергілікті билік реформаланып, үлкен өзгерістерге ұшырады. Атап айтсақ, біріншіден, жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі қағидаттары өзгерді. Заңның алғашқы нұсқасы бойынша (3 баптың 3 абзацы) Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару өздері құратын атқарушы және өкімші органдарға қарағанда өкілді органдардың үстем болуы қағидасына негізделе отырып жүзеге асырылған болса, енді өзгертулерге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару өкілді және атқарушы-әкімші органдардың қызметтері мен өкілдігінің ара-жігін ашу қағидасына сәйкес жүзеге асырылатын болды. Екіншіден, жергілікті өкілді органдың жұмыс істеуінің ұйымдық нысаны өзгерді, атап айтқанда халық депутаттары жергілікті кенестерінің қызмет етуінің ұйымдық нысандары қатарынан атқару комитеті шығарылып, оның орнына жергілікті әкім енгізілді. Ашып айтсақ, ендігі жерде өзгертулерге сәйкес жергілікті кенестер өз қызметін сессияларда, тұрақты және өзге комиссиялар арқылы, жергілікті әкім арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілдігін жүзеге асыруы жолымен жүргізетін болды. Жергілікті кенестердің қызмет етуінің ұйымдық нысандары қатарынан атқару комитетінің шығарылуы себебіне келетін болсақ, ол - 1992 жылдың 13 қантарына дейін қызмет етіп келген кенестердің атқару комитеттері таратылып оның орнына жаңа институт – жергілікті әкім лауазымының құрылуы болды. 1992 жылғы заң жергілікті әкіммен қоса жергілікті әкімнің орынбасарлары лауазымдарын енгізіп, жергілікті әкімшілік алқасын, әкімшілік органдардың(бөлімдер, басқармалар, басқа да бөлімшелер мен қызметтер) құрды. Ендігі жерде жергілікті атқарушы орган ретінде жергілікті әкім танылды. Өзгертулерге сәйкес жергілікті әкім КР Президентіне не облыстық әкімге есеп беретін және Кенестің қаруаудың мәселелер бойынша халық депутаттарының тиісті Кенесінің бақылауында болатын облыстың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның территориясындағы атқарушы және өкімші орган мәртебесін иеленді [1, 10 тармақ]. Үшіншіден, ««Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті кенестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес жергілікті мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы органдарының өзара қатынасының қағидалары өзгерді. Нақты айтсақ, бұл заң мемлекеттік биліктің дербес үш тармаққа бөлініү қағидасының негізінде алғаш рет жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдардың біртұтастығы қағидасынан бас тарта отырып жергілікті кенестермен бір жүйеде өмір сүрген, оның органы болған атқарушы-әкімші органдарды өкілді органдардан (жергілікті кенестерден) бөлді, ажыратты. ««Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13 қантардағы заң тиісті заңды жаңа 9-1 баппен толықтырып, онда жергілікті кенестердің жергілікті әкіммен өзара қатынаса қызметтерді бөлу, оларға өздеріне тән заңмен белгіленген өкілдіктерді беру принципі негізінде құрылатындығын бекітті. Төртіншіден, жергілікті атқарушы органдар жергілікті кенестерден бөлініп шыққаннан соңолардың біртұтастығы жойылып, өкілдіктері ажыратылды. Олай болса, ендігі жерде жергілікті кенестер тек өздерінің

құзырына кіретін мәселелерді ғана қарап, шеше алатын болды. Кеңестер бұрынғыдай мәні бойынша жергілікті атқарушы органның құзыреті болып табылатын мәселелерді шешу мүмкіндігінен айырылды. Жергілікті әкім жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей тек Кеңестің қарауындағы мәселелер бойынша ғана халық депутаттарының тиісті Кеңесінің бақылауында болатын болды. Республика мамыздың белгілі заңгер-ғалымдары З.Ж.Кенжалиев пен В.А.Ким жергілікті өкілді органдар мен атқарушы органдардың екілеттіктерінің ажыратылуы жайында келесідей көзқарас білдірген болатын: «кеңестер мен жергілікті атқарушы органдардың арасындағы ... құқықтардың нақты бөлінуі олардың бір-бірінің құзыреттер аясына қол сұтуына жол бергізбейтіндігін көрсетеді»[2,30 б.].

Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың дамуына үлес қосқан келесі акт - 1992 жылдың 13 қантарында қабылданған «Отпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі Занының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» ҚР заны болды. Бұл зан Конституцияның ҚазССР Президентінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган – Республика Кеңесіне қатысты, Министрлер Кабинетінің құрамына қатысты нормаларды қоса Қазақ ССР-гі мемлекеттік өкімет пен басқарудың жергілікті органдарына да қатысты бірқатар нормалардың күшін жойды. Тікелей тақырыбымызға қатысты ашып айттар болсақ, 1978 жылғы Конституцияның 80 бабында халық депутаттарының советтерінің атқарушы және жарлықшы (өкімші) органдарды құратындығы реттелген болатын, ендігі жерде тиісті заңмен Конституцияның халық депутаттары жергілікті кеңестерінің тиісті органдарды – атқару комитеттерін құруын белгілейтін нормасы әрекет етуін тоқтатты. Сонымен қоса, 1992 жылдың 13 қантарындағы «Отпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі Занының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» заңмен 1978 жылғы Конституцияның жергілікті кеңестердің өз аумағында мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылышка басшылық жасауына қатысты 126 бабының 2-ші бөлігінің күшіжойылды. Жергілікті басқаруға қатысты 1978 жылғы Конституцияға өзгертулер енгізген бұл занының негізгі бір тұсы ол алғаш рет Егемендік туралы Декларациямен енгізіліп, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заңданактыланып, дамытылған мемлекеттік биліктің үш тармақта бөлінуі қағидасына негізделе отырып халық депутаттары жергілікті кеңестерінің атқару комитеттері туралы Конституцияның тұтастай бір тарауының (15-ші тарау) күшін жойды[3]. Бұл өз кезегінде жергілікті кеңестердің жергілікті деңгейде биліктің жағдайы болудан қалғанын, әрі оның екілеттіктерінің шектеле бастағанын көрсетеді.

Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың дамуының екінші кезеңінде қабылданған келесі бір акт – бұл тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұнғыш Конституциясы болды. Бұл тарихи құжатқазақстандық конституциялық құрылышты бекемдеу, дамыту жолында елеулі белес болды. Онда қоғам мен мемлекетті қайта құру жолында республикамыздың қол жеткізген бірталай жетістіктері бекітілді.

1993 жылғы Конституцияда жергілікті өкілді биліктің ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелерінен көп көніл бөлінген жоқ, кеңестердің мэртебесінің тек белгілі бір шектеулі мәселелері ғана реттелді. Ашып айтсақ, Конституцияның 15 тарауы жергілікті басқаруға арналып, онда жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуді жергілікті өкілді және атқарушы органдар жузеге асыйратындығы, олар ҚР Конституциясының, заңдарының, Президент пен Министрлер Кабинеті құжаттарының орындалуын қамтамасыз ететіндігі, жергілікті өкілді органдарды тиісті өкімшілік-аймақтың бөліністің тұрғындары 5 жыл мерзімге сайлайтындығы, жергілікті өкілді органдар тиісті аумақта орындалуға міндетті шешімдер қабылдайтындығы реттелді, сонымен қоса, жергілікті өкілді органдардың актілері ҚР Конституциясы мен заңдарына сай келмеген жағдайда олардың күші сот тәртібімен немесе заңмен белгіленген өзге де тәртіп бойынша жойылуы мүмкіндігі мен жергілікті өкілді органдардың өкілеттігін ҚР Жоғарғы Кеңесі мерзімінен бұрын тоқтатуы ықтималдығы бескітілді. Жергілікті өкілді органдардың құзыреті мен қызметі ету тәртібі, депутаттарының құқықтық жағдайы туралы Конституцияда ештене айтылған жоқ. Ол мәселелердің заңмен белгіленетіндігі анықталды [4, 91 баптың 2 т.].

Аталмыш 1993 жылғы Конституцияда оның негізінде жаңа заңдар шығару мен бұрын қабылданған, әрекеттегі заңдарды оған сәйкестікке келтіру мәселесі орын алды. Тиісінше, бұл Конституция біраз актілердің қабылдануына, өзгертиліп, күшін жоюына негіз болды. Қазақстан Республикасының тұнғыш Конституциясының қабылдануы Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты да бірқатар актілердің өмірге келуіне негіз, бастау болды. Олардың бірі - Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Кодекс еді. Бұл кодекс түр-сипаты

жағынан да, мазмұны жағынан да ерекше акт болды. Ол коммунистік партияның кеңестердің атынан өз диктатурасын жүргізуінің ынғайлығына негізделіп қабылданған келесідей кеңестік актілерде - «Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы» заң мен «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы туралы» заңда бұрын-соңды болмаған, тіпті оларға қайшы демократиялық қағидаттар мен ережелерді бекіткен әрі тұнғыш рет республикамызың шашыранқы күйде болған сайлау құқығының нормаларын жиыстырып бір жүйеге келтірген акт болып табылды. Сайлау туралы бұл Кодекс жергілікті өкілді органдарға сайлау тәртібіне біршама жаңаңылқтар алып келді. Атап айтсақ, біріншіден, жергілікті кеңестерге депутаттыққа кандидаттар ұсыну жолдарын жинақтап, өзін-өзі ұсыну жолын нақты турде енгізді. Ендігі жерде кандидаттарды ұсыну қоғамдық ұйымдармен және өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырылатын болды [5, 88 бап]. Депутаттыққа кандидат ұсынудың тиісті жолы (өзін-өзі ұсыну) белгілі бір талаптарға жауап беретін әрбір азаматқа өзін кандидат ретінде ұсыну мүмкіндігін ашты, ал егер оған сайлаушылар сенім білдірсе – тиісті сайланбалы органға мүше болып сайлану мүмкіндігін берді [2, 50-51 бб.].

Екіншіден, сайлау туралы кодекс оған дейін бекітілген депутаттардың орасан зор санын қыскартып, ендігі жерде жергілікті өкілді органдарға сайланатын депутаттар саны «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңмен белгіленетін көрсетті [5, 86 бап]. Оған дейін әрекет еткен 1989 жылғы 22 қыркүйектегі «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті советтері депутаттарының сайлауы туралы» ҚазССР заңында облыстық советке сайланатын депутаттар саны сайлау округінің санына сәйкес 150-ге дейінгі шекте, Алматы қалалық советіне сайланатын депутаттар саны 200-ге дейінгі шекте, аудандық советтерге - 75-ке дейінгі шекте, ... ауылдық, селолық, поселкелік советтерге 40-қа дейінгі шекте белгіленген болатын [6, 14 бап]. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңмен белгіленетін депутаттардың саны сәл төмөнді көрсетіледі.

Үшіншіден, бұл Кодекс бірінші рет сайлау қатынастары кеңістігіне сайлаушылардың колдауына ие болу мәселеін енгізді. Кодекстің 88 бабының нормасына сәйкес жергілікті өкілді органдардың депутаттығына кандидаттар тиісті сайлау округінің аумағында тұратын сайлаушылардың кемінде 3 % колдауына ие болуы тиіс болды.

Сайлау туралы тиісті Кодексөзге актілерден өзінің жаңа, оң нышандарымен, жаңаша ынғайымен, жаңа идеяларымен ерекшеленді.

Қазақстанда жергілікті өкілді органның қалыптасуы мен дамуының екінші кезеңінде қабылдаған, оның дамуына зор үлес қосқан келесі акт – 1993 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заң. Бұл актінің бір ерекшелігі ол жергілікті өкілді органдарды «мәслихат – депутаттар жиналысы» деген атаумен атады. 1993 жылғы ҚР Конституциясында, жоғарыда көрсетіл кеткеніміздей, жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратындығы бекітілген болатын, алайда онда жергілікті өкілді органның атауы нақтыланбаған еді. Ол органның «мәслихат-депутаттар жиналысы» болып табылатындығын осы 1993 жылғы 10 желтоқсандағы заң анықтап берді. Олай болса, Қазақстан тарихында бірінші рет мәслихаттардың өмірге келіп, бірінші рет мәслихат депутаттарының өкілдіктерінің танылуы «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңға сәйкес орын алды.

Тиісті заңның негізінде жергілікті өкілді органдар жүйесінде мәнді өзгерістер орыналды. Қазақстанның белгілі заңгер ғалымы Ф.С.Сапарғалиев «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңның жергілікті мемлекеттік басқару органдарының атауына және құрылымына алты елеулі өзгерістер енгізгенін көрсетеді. Олар: «Біріншіден, ауылдық, кенттік, селолық, аудандық, қалалық және облыстық деңгейлерде Халық депутаттары кеңестері мен атқарушы комитет атаулары жойылды ... ;

Екіншіден, жергілікті өкілді органдар мәслихаттар, ал жергілікті атқарушы органдар әкім бастиған жергілікті әкімшілік деп атала бастанды;

Үшіншіден, мәслихаттар мен әкімшілік «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атаумен біріктірілді...;

Төртіншіден, мәслихаттар мен жергілікті әкімшілікті «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атаумен біркітіру оның екеуі де мемлекеттік басқарудың бірдей мәселелерімен айналысады дегенді білдірмейді...;

Бесіншіден, мәслихаттар мен жергілікті әкімшілік ұйымдық тұрғыдан бір-бірінен бөлінген;

Алтыншыдан мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдары емес, өкілді органдар болып саналса да таза мемлекеттік органдар болып табылады» [7, 436 б.].

Ал, ғалымдар Кенжалиев З.Ж. және Ким В.А. бұл заңның келесідей бес өзгешелігін көрсетеді:

1) тиісті заңға сәйкес жергілікті өкілді органдар «мәслихат – депутаттар жиналысы» деп аталды.

2) тиісті заңмен мәслихат депутаттарының саны біраз қысқарды, нақты айттар болсақ, облыстық мәслихаттар мен Алматы қалалық мәслихаттың депутаттарының саны – 50-ге дейін, қалалық – 30-ға дейін, аудандық – 25-ке дейін қысқартылды. Мәслихат депутаттарының төменгі шегі белгіленбеді.

3) тиісті заң әртүрлі деңгейдегі мәслихаттардың вертикальдық бағыныштылығын жойды, яғни деңгей бойынша жоғары тұрған мәслихаттар төменгі тұрған мәслихаттарға басшылық ету құқығына ие болмады, төменгі тұрған мәслихаттар дербес, жоғары тұрған мәслихаттарға бағынбайтын болды.

4) тиісті заңмен өкілді және атқарушы органдардың бөлінуі реттелді. Атқарушы органдар өкілді органдармен құрылмайтын болды.

5) заңмен Қенестің тұрақты төрағасының орнына мәслихат сессиясының төрағасын сайлау тәртібі енгізілді [2, 54-56 бб.].

Тұзілген бес өзгешеліктің біріншісіне, яғни жергілікті өкілді органдардың «мәслихат-депутаттар жиналысы» деп аталуына қатысты аталмыш ғалымдар көліспеушіліктерін білдірді, атап айтқанда олар «... жергілікті өкілді органдардың атауын қазақтың сөзі «мәслихатпен» ғана шектесе де, ол бәріне түсінікті болар еді. Басқа тілге аударылмай-ақ бір ғана атаумен аталып жүрген Парламенттің бір палатасы – Мәжілістің қазақ сөзімен атауын барлығы да түсінеді емес пе?», - деді [2, 54 б.].

«Қазакстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңда әртүрлі деңгейдегі мәслихаттардың өзарақатынасы реттелді. 1993 жылғы заң жергілікті өкілді органдардың дербестігі қағидасын қайталај отырып оны мәслихаттар тікелей қосымша бағыныстырықта болмайды деген сейлеммен толықтырыды.

«Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңының жоғарыда баяндап өзгешеліктеріне қоса, тағы да бір ерекшелігін көрсетуге болады, ол – онда «жергілікті өзін-өзі басқару органдары» ұйымының қолданылмауы. Бұл ерекшелік мәслихат-депутаттар жиналысының індігі жерде жергілікті өзін-өзі басқару органы емес таза жергілікте деңгейдегі мемлекеттік басқару органына айналғандығын көрсетеді.

Аталмыш заңының келесі бір өзгешелігі онда мәслихат-депутаттар жиналысының қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандары жаңаша анықталды. Ашып айтсақ, бұрын жергілікті әкім мәслихат-депутаттар жиналысының қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандарының тізбесіне кіретін. Заңға сәйкес ол тиісті тізбен шығарылды, ендігі жерде мәслихат-депутаттар жиналысы өз қызметін сессияларда, тұрақты және өзге де комиссиялар арқылы, сондай-ақ депутаттар арқылы жүзеге асыратын болды [8, 10 бап].

«Қазакстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңда жаңаша реттелген келесі бір мәселе мәслихат-депутаттар жиналысының сессиясын шақыру және оны өткізу қатынасы. Тиісті мәселеге қатысты заңының енгізген жаңалығы – сессияның екі түрінің анықталуы. Бұл заңда алғаш рет сессияның екі түрі - кезекті және кезектен тыс сессия анықталып, тиісінше оның ұйымдастырылуына қатыстықтастарап реттелді. Сонымен қоса, бұл заң мәслихат сессияларының тек жария ашық түрде ғана емес, жабық нысанда да өткізілуі мүмкіндігін бекітті [8, 15 бап]. Бұл аталғандар жергілікті өкілді органдардың қызмет ету нысанының жетіле бастағанын көрсетеді.

«Қазакстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңының келесі бір жаңалығы – оныңхалық депутаттарының жергілікті кеңесінің төрағасылауазымының орнына мәслихат-депутаттар жиналысы сессиясының төрағасы және мәслихат-депутаттар

жиналысының хатшысы лауазымдарын енгізуі болды. Халық депутаттарының жергілікті кеңесі төрағасының орнына атальыш екі лауазымның енгізілуінің себебін ғалым Жанузакова Л.Т. келесі жағдаймен түсіндіреді: «Жалпы сессия төрағасы мен мәслихат-депутаттар жиналысының хатшысы лауазымдарының енгізілуі туралы жаңалықтың себебі жергілікті жерлерде өкілді және атқарушы орган басшыларының арасында көліспеушіліктің, қайшылықтың орнын алуына жол бермеуге тырысу болды» [9, с. 40-41].

«Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңмен реттелген келесі бір маңызды мәселе – жергілікті өкілді органдың өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы. Тиісті заңдысалар ауди мәслихат-депутаттар жиналысының өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуының үш өзгеше тәртібінің реттелгенін көрсетеді. Бірінші жағдайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мәслихат-депутаттар жиналысының өкілеттігін КР Конституциялық Сотының қорытындысы негізінде мерзімінен бұрын тоқтататын болды. Екінші жағдайда Жоғарғы Кеңес мәслихаттың өкілеттігін жоғары тұрган Мәслихаттың - Депутаттар жиналысының ұсынысы бойынша тоқтатуға құқылы болды. Үшінші жағдай ретінде мәслихат-депутаттар жиналысының өзін-өзі таратуы реттелді. Бірінші жағдайда мәслихат-депутаттар жиналысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып олардың КР Конституциясы мен заңдарын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әлденеше рет бұзыу табылды. Тиісті заңмен мәслихаттардың өкілеттігін жоғары тұрган мәслихат - депутаттар жиналысының ұсынысы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып келесідей жағдайлар танылды:

1. жаңадан сайланған мәслихат - депутаттар жиналысының бірінші сессия ашылған күннен бастап бір ай ішінде құрылымын анықтамауы және өз органдарын құрмауы;

2. Мәслихат - депутаттар жиналысының депутаттардың кворум үшін қажетті санының келмеуі салдарынан екі айдан аса сессияның шақыра алмауы.

Мәслихат - депутаттар жиналысының өкілеттігінің өзін-өзі таратуы тәртібінен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мәселе сінің реттелуіне келсек, тиісті заңозін-өзі тарату туралы шешім тиісті Мәслихат - Жиналыс депутаттарының кемінде үштен екіншін дауыс беруімен қабылданатындығын анықтады [8, 60 баптың 1,2,3 т.].

Бұл заңның келесі бір жаңалығы – ол мәслихат-депутаттар жиналысының органдарын (тұрақты және уақытша комиссиялар) құру тәртібі мен олардың қызметін ету негіздерін реттеді, тұрақты комиссияларының жұрт алдында тыңдаулар өткізу құқығын бекітті, жергілікті өкілді органдардың тексеру комиссиясының үйімдастырылуы мен қызмет етуіне біршама өзгерістер енгізді. Сонымен коса, тиісті заңда өзге де бірқатар қатынастар анықталып, реттелді.

«Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заң өзінің қабылданған уақытына қарай біраз кемшіліктерге ие болды. Дегенмен, оның кемшіліктері болғанына қарамастан тиісті заңның негізінде Қазақстанның жергілікті өкілді билігінің мәртебесін жетілдіруге қарай кадам жасалды. Қазақстанда мәслихаттың құқықтық мәртебесінің қалыптасуы мен дамуының екінші кезеңінде қабылданған актілер мәслихаттардың қызметін ары қарай дамытып, жетілдіру бағытында әрекеттер жасауға, біраз мәселелерді қайта, жаңаша қарауға негіз салды.

ӘДЕБІЕТ

[1] ««Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Советтері туралы» Қазақ КСР Заңына етпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13 қантардағы КР заңы.

[2] З.Ж. Қенжалиев, В.А. Ким. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 бет.

[3] «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының (Негізгі Заңының) жекелеген нормаларын тоқтату туралы» 1992 жылғы 13 қантардағы КР заңы

[4] Қазақстан Республикасының Конституциясы 28 қантар 1993 жыл. Алматы: Жеті жарғы, 1994 ж.

[5] Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы 13 желтоқсан 1993 жылғы кодекс // Егemen Қазақстан, 14 желтоқсан 1993 жыл

[6] «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті советтері депутаттарының сайлау туралы» 22 қыркүйек 1989 жылғы КазССР заңы // Қазақ ССР Жоғарғы Советтің Ведомостары, 1989 жылғы 11 қазандығы 40-41 нөміріге косымша, 340-ст.

[7] Файрат Сапарғалиев. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Алматы, Жеті жарғы, 2004. – 480 бет.

[8] «КР жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 10 желтоқсан 1993 жылғы КР заңы // Источник: справочно-правовая система ЮРИСТ, 2017

- [9] Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан. Дисс. На соискание ученой степени д.ю.н. - Алматы, 2004. -319 с.

REFERENCES

- [1] ««Zhergiliictiozyn-ozybaskaruzhane KazakhSSRhalikdeputattaryninzhergilictiSovetteryturaly» KazakhKSRZanyyna otpelikezen kezindeozergeristermentolyctyrularengiz turaly» 13 kantar 1992 zhylygKRzany.
- [2] Z.Zn. Kenzhalyev, V.A. Kim. KazakstanRespublykasynda konstytuciyalykzannamanyndamuy. Almaty: Zheti zhargy, 2008. – 120 bet.
- [3] «Otpeli kezende Kazak KSR Konstytuciyasynyn (Negizgi Zanyyny) zhekelegenormalaryntoktatuturaly» 1992 zhylyg 13 kantardagyKRzany
- [4] KazakstanRespublikasynyn Konstytuciyasy 28 kantar 1993 zhyly. Almaty: Zheti zhargy, 1994 zh.
- [5] KazakstanRespublykasyndagysailauturaly 13 zheltoksan 1993 zhylyg kodeks // EgemenKazakstan, 14 zheltoksan 1993 zhyly
- [6] «KazakSSRhalykdeputattaryzhergilikti sovetteri deputattarnynsailauyturaly» 22 kyrkiiek 1989 zhylygKazSSRzany // KazakSSRZhogargy SovetininVedomostary, 1989 zhylyg 11 kazandagy 40-41 nomirige kosymsha, 340-st.
- [7] GairatSapargalyev. KazakstanRespublykasydyn konstituciyalykkukygi. – Almaty, Zheti zhargy, 2004. – 480 bet.
- [8] «KRzhergilicti okildi zhane atkarushy organdaryturaly» 10 zheltoksan 1993 zhylygKRzany // Ystochnik: spravochnopravovayasytema IURIST, 2017
- [9] Zhanuzakova L.T. Kostytucionno-pravovye problemy organyzacyyydeyatelnostymestnyhpredstavtelynyh organovv Respublyke Kazahstan. Diss. na soiskanie uchenoi stepeni id.u.n. - Almaty, 2004. – 319 s.

A.Ж. Жарболова

КазНУ имени аль-Фараби, юридический факультет, г. Алматы

СПЕЦИФИКА ВТОРОГО ПЕРИОДА РАЗВИТИЯ МЕСТНОЙ ПРЕДСТАВИТЕЛЬНОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В данной статье рассматривается второй период развития местной представительной власти в Казахстане. Соответственно в статье дается анализ конституционно-правовых актов, принятых в период 1992-1995 гг., включая первую Конституцию Республики Казахстан, регулировавших статус, вопросы организации и деятельности местных представительных органов. Также в статье определены новизна этих актов, их роль в развитии местных представительных органов и место в правовой системе.

Ключевые слова: местная представительная власть, местные представительные органы, маслихат-собрание депутатов, местное самоуправление, местный исполнительный орган, аким, местные советы народных депутатов, депутат, сессия ...